Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт

12 наурыз сейсенбі
№21 (2031)
2024 жыл

30 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

Сәби сүю бақыты – анаға Тәңірден берілген сыйдың ең кереметі. Ана бақытын сезіну жүректі нұрға бөлеп, айнала мейірімге толады. Кейіпкеріміз Ақару Әбдумәліккызы бес жыл дегенде ана бақытына бөленді. Оған дейін ол денсаулығымен күресті, алдына «қалай болғанда да ана атанамын» деген мақсат қойды. Бірақ жігерлі жан мақсатына жетті. Бүгінде Нұрпейіс пен Ақарудың Аңсар есімді ұлы бар. Содан бері ұлына қараған қос жұптың әр таңы шүкіршілікпен атып, әр кеші Аллаға алғыс айтумен өтуде.

Көптен күткен сәбиі дүниеге келген кезде кейіпкерім менімен өз қуанышын бөлісе отырып, «тәте, қазір көптеген отбасылар сәби сүйе алмай қиналып жүр. Мен олардың жанын жақсы түсінемін. Себебі басымнан өтті. Бірақ қазір Алланың қалауымен ұлды болдым. Үмітімді үзбедім. Отбасындағы баға жетпес осы бақытқа қалай қол жеткізгенімді газет арқылы айтқым келеді» деген еді. Біз қарсы болмадық. Өйткені Ақарудың арманын аңсап жүрген нәзік жандар қаншама?!

«АҢСАҒАН СӘБИ» АНА БАҚЫТЫНА БӨЛЕДІ

«СИҚЫРШЫ ДӘРІГЕР» ДЕГЕН КІМ?

Жақында Ақарудың өзі қайта хабарласты. Оған себеп – қалаға кейіпкеріміздің дәрігері Алмаз Ибрагимов келген екен. Сол сәтті пайдаланып, бір топ қызылордалық аналар дәрігермен кездесіп, алғыстарын жеткізді. Осы қуаныштың куәсі ретінде Ақару бізді де шақырды.

Дәрігермен кездесу «Экомед» орталығының біздің аймақтағы филиалында өтті. Сенесіз бе? Астанадан арнайы келген Алмаз Құрманәліұлын күткен нәзік жандар өте көп болды. «Экомед Астана» орталығының медициналық директоры, репродуктологы, Алмаз Құрманәліұлы осы салада қызмет атқарып келе жатқанына жиырма жылға жуықтап қалған. Емделушілері оны «сиқыршы дәрігер» атап кеткен. Содан да болар, сиқыршы маманға сырқатының сырын айтуға келгендер қарасы көбейіп, бәрі дәрігер кеңесін алғысы келді. Бір жағы кеңес алу тегін жүрді.

Кезекке тұрғандардың жанарында бір үміт оты барын сездік. Бірі «дәрігер не айтар екен?» деп алаңдаса, енді бірі «мендегі үміт отын өшірмесе екен» деген арман тұрды. Сол сәтте ішке «Ибрагимовтің балалары» атанып кеткен сүп-сүйкімді ұл-қыздарын, бір қолында гүл мен тәттілерін ұстаған аналар кіріп келді. Қолы алтын, жүрегі жұмсақ, жүзі нұрға толы дәрігерге қаралып, барлық емін бастан-аяқ алып, соңын сәби бақытына жеткізген маман болғандықтан, еліміз бойынша Ибрагимовтің балалары көп.

Аналар ішке кіргендегі кезді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді... Кішкентай бүлдіршіндер тәй-тәйлап келгенде кезекте түрғандар «бізге де жұғысты болсыншы» деген тілегін айтып, тіпті арасында балақайлардың басынан сипап жатқандары да кездесті. Ал аналары мәз. Олар еш қарсы болмады. Өйткені үмітпен күткендердің жанын жақсы түсінеді. Балақайлар болса жатырқап, жылап, ешкімге жолар емес. Бұл да бір қызықты сәт болды.

Содан мықты маман иесі отырған кабинетке кірдік. Дәрігер бізді жайдары жүзімен қарсы алып, ақ батасын да берді. Ал емделушілерінің денсаулығын сұрап, ашық-жарқын әңгімесін айтты. Қарбаластың арасында тілші ретінде бізден де тілдесуге уақыт тапты.

Елімізде әрбір алтыншы жұп сәби сүюді армандайды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша қазір 15 мың ерлі-зайыпты бедеулік диагнозымен есепте тұр. «Аңсаған сәби» бағдарламасы іске қосылғалы бері 20 мың әйел жасанды ұрықтандыру қызметін алған. Бұл МӘМС аясында қаржыландырылады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында ЭКҰ-ға кімдер қатыса алады және оған жолдаманы қалай алады, қайда өтуге болады деген сынды сұрақтарға жауап берді.

3-БЕТТЕ

СУДЫҢ ЖАЙЫН ДИҚАН ҒАНА ТҮСІНЕР

Табиғаттың кәусар байлығы саналатын су мәселесі қай кезеңде де күн тәрбінен түскен емес. Өйткені тіршілік атаулының бойына қан жүгіртетін, айналаны көгертетін, табиғатқа жан бітіретін – су. Сарқырап аққан Сырдарияның сирақтан келіп тұрғанын көру – әрбір тұрғынның жүрегін ауыртатыны сөзсіз. Аймақтағы ахуалды осы көріністен-ақ білуге болады.

«Аталықтың» коллажы

Таяуда аталған мәселе бойынша өңірде саладағы талай мықтының басын қосқан келелі басқосу өтті. Әңгіменің әлқиссасын жиыннан бастайық, «Су ресурстары: сумен тұрақты қамтамасыз етудің проблемалары мен перспективалары» тақырыбындағы көшпелі отырысқа ҚР Парламенті Сенатының депутаттары, Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Болат Бекнияз, ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ғылыми зерттеу институттарының өкілдері, су шаруашылығының ардагерлері, су шаруашылығы ұйымдары мен ауыл шаруашылығы құрылымдардың басшылары қатысты. Бұл түйткілдің шешімін табуға ел Президентінен де әлсін-әлсін көмек сұрап, ұсыныстарын жеткізіп жүрген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жиында мәселені төтесінен қойды.

– Су шаруашылығы саласындағы негізгі мәселелердің шешілуі үшін осындай жиындардың маңызы өте зор деп ойлаймын. Өңірдің басты су артериясы – Сырдария трансшекаралық өзені облыстың барлық аумағынан ағып өтеді. Оның бойында елді мекендердің 85% - ы орналасқан және облыс халқының 93%-дан астамы өзен маңында тұрады. Облысымыздың табиғи ерекшелігіне ауа райы мен топырақ құрамына бейімделген Сыр күріші аймақтың негізгі дақылы болып жылдар бойы қалыптасқан. Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халықтың тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің сулылығына және Арал теңізіне тікелей байланысты, – деді аймақ басшысы.

2-БЕТТЕ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

«Біз өз қолымызбен қаладық, иығымызбен көтердік, қол жаймадық...»

Биыл қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шыққанына отыз жыл. Сыр өңіріндегі алғашқы жекеменшік басылым ретінде жарық көріп, алғашқы жылдардан-ақ жұрт іздеп оқитын газетке айналған еді. Аудиториясы жас талғамайтын, түрлі тақырыпқа қалам тартқан, аға буын да, жастар жағы да жазған-сызғанын алып, «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясын жиі үйірсектегені басылымның ә дегеннен ел көңілінің шыққанын байқатса керек. Алғашқы жылдардан бастап басылымда ұлт мәселесін арқау еткен өзекті мәселелер де, жастар жайы, қоғамның үнін дөп басқан тақырыптар жүйелі жазылды. Әсіресе тіл тазалығы, ұлттың тарихы мен өнерін насихаттаған басылымның жарыққа шыққан күннен бастап көтерер жүгі жеңіл болған жоқ. Газеттің іргесін қалаған, әрі алғашқы редакторы Әділхан Бәймен бастап, Аманжол Сақыпұлы, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділ Ботпанов секілді талантты жастармен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел еңсесін тіктемеген қиын уақытта өз күштерімен газет шығаруы ерлікпен пара-пар іс еді десек артық айтқандық емес. Сол жылдардан бері басылым талай кезеңді бастан өткерді. 2004 жылы газеттің бас редакторы Ә.Бәймен дүниеден озғаннан кейін газет жайы қалай болар екен деген сауал шығармашылық ұжымның ғана емес, оқырманның көкейіндегі де сауал болатын. Дегенмен газет жабылмады. «Ақмешіт апталығы» газетінің жарыққа шығуына тер төккен, іргесін бірге қаласқан шәкірттері басылымды сақтап қалды. Газеттің тағдыры қыл үстінде тұрғанда сақтап қалған Аманжол Сақыпұлының 2005 жылы жарияланған «Әдекең жаққан от сөнбейді» атты мақаласынан шәкірттерінің ұстаз аманатына адалдық танытқаны сезіледі. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деп жатамыз. Тұл қалған адамың Әдекең емес. Бүгінгі күні алды елуге таяған жорналшы қауымнан бастап Әдекеңді ұстаз санайтындар легі жетіп артылады. Кешегі күні газет Әдекеңсіз қалған тұста аға аманатын жалғастыруды жөн санаған болатынбыз. Осы мақсатты иыққа артқан соң бүгін де тәуекелге бел буып отырмыз. Мақсат Әдекең жаққан от сөнбесін, Әдекең шығарған газет жойылмасын, асыл ағаның көзі болып оқырманымен қауыша берсін», – деп жазады. Ұстаз жаққан отты шәкірттері өшірмеді. Одан кейін де талай белестерді бағындырып, бір жылдары қалалық әкімдіктің газетіне айналып, шаһардың тыныс-тіршілігінен хабар таратқан «Ақмешіт апталығы» 2014 жылдан бері «Сыр медиа» ЖШС қарамағында аптасына екі рет жарыққа шығып келеді.

Басылым тарихында бүгінгі күнге дейін он редактор қызмет етіпті. Газеттің тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен ағамыздан кейін газет тізгінін қолға алған Нұрлан Көбегенұлы, Нұржан Нұрмаханов, Нағымжан Сауяев, Мұрат Жетпісбаев, Кенжалы Ерімбетов, Дүйсенбек Аяшұлы, Әділжан Үмбетов, Қаныбек Әбдуов, Азиз Батырбеков басылымның мазмұнын байытып, газеттің сапасын арттыруға тер төкті.

Басылымның мерейлі жылында, қасиетті рамазан айының алғашқы күнінде ағалар салған жолды жалғастыру жауапкершілігі маған жүктелді. «Ақмешіт апталығы» газеті мен үшін бөтен емес. Журналистикаға қадам басқан шағымызда шимай-шатпағымызды түзеп, жарыққа шығарған, есімімізді елге танытқан осы басылым еді. Бүгінгі күнге дейін де бас редактордың орынбасары ретінде осы ұжымда еңбек етіп, оқырманға сапалы дүние ұсынуға үлес қосып келеміз. Ал газет тізгінін ұстау жауапкершілік жүгін еселей түсті. Ең алдымен бізге сенім артып, газетке жазылған оқырман алдында жауапты екенімізді әркез естен шығармай, алдағы күнде де сапалы дүние ұсынуға қызмет ете бермекпіз. Қазақта «арық сөйлеп, семіз шық» деген жақсы сөз бар. Жұмыс нәтижесі уақыт еншісінде. Бір айтатыны, әр газет шығарған сайын аға буынның естелігіндегі мына жолдар есімізге түседі. «Біз өз қолымызбен қаладық, иығымызбен көтердік, қол жаймадық...» деп оқырманға сыр ақтарғаны бар. Бұл мазмұнды газет шығару жолында ауыр жүк арқалаған ағалардың кейінгі буынға аманатындай әсер етті, намысымызды қамшылай түскендей.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

СУДЫҢ ЖАЙЫН ДИҚАН ҒАНА ТҮСІНЕР

Мәселе көтерілген сайын ойға оралатын бір жай – Су кодексінің 20 жыл бұрын қабылданғаны. Заман да, қоғам да, тіпті адам да жаңарды. Бірақ кодекс жаңаруға бет бұрмай тұр. Аймақ басшысы жиында жаңа «Су кодексінің» қабылдануы Сыр өңірінің экологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мол мүмкіндік беретініне сенім білдірді.

Су мәселесі – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Сондықтан жан-жақты қаралып, талқы таразысына салынған тақырыпта ҚР Парламенті Сенатының аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің төрағасы Әли Бектаев, ҚР Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Болат Бекниязов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бағлан Бекбауов, ҚР Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Мансұр Ошурбаев, Халықаралық Аралды құтқару қоры Қазақстан Республикасындағы атқарушы дирекциясының директоры Серікқали Мұқатаев, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Сұлтанбек Тәуіпбаев мәселеге терең әрі нақты зерттеулермен тоқталып, ұсыныстарын жеткізді.

ЕГІН КӨЛЕМІН АЗАЙТУҒА МӘЖБҮР

Біздің өңір – аграрлық аймақ. Егін мәселесін қай кезде де алдыңғы орынға қояды. Несібесін Жер-Анадан сұрап, маңдайы күнге күйіп, табаны құмға тілінген диқандар егінді әртараптандыруға баса мән беруде. Суды көп қажет ететін күріш дақылын азайтып, оның орнына суды аз қажет ететін дақылдарды қолға алуда. Бір ғана Сырдария ауданы бойынша биылғы күріш егетін көлемі былтырғыға қарағанда 3 мың гектарға азаяды деп күтілуде. Ал облыс бойынша бұл көрсеткіш 5 мың гектарға тең. Дегенмен қазір аудандар қосымша насостарды су жеткізілуі қиын аймақтарға пайдалануға беріп келеді. Әйткенмен бұл жерде басқа да жолдарын қарастыру керек дейтіндер бар.

– Бұл не нәрсеге апарады? Егістік жерден айырыламыз. Ол жабайы жерге айналады. Жоңышқамен сақтап қалуға болады дейтін шығар, бірақ оның да уақыты әрі кеткенде үш-ақ жыл. Ал жабайы жерді қайта қалпына келтіріп, егістікке айналдыру «шықпа, жаным, шықпа» деп жүрген шаруашылықтың мойнына жүк. Оның үстіне көп уақытты алады. Содан соң онсыз да жағдайы қиын экологияны одан сайын нашарлатамыз. Жердің тұздылығы артады. Бұл жерде қашыртқы суды қайта пайдалану секілді үнемдеу іс-шараларын қолға алуымыз керек. Үкімет пайдалануға су насостарын беріп отыр ғой, бірақ оның май-суы ше?! Шаруаға бұл да қосымша шығын. Егер суды насоспен алатын болса, суға ақы төлемеу механизмдерін қарастыру керек. Диқанға керекті жобаны диқан ғана түсіне алады», – дейді кәсіпкер Бекболат Қожауов.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасындағылардың айтуынша, биыл аймақта барлығы 187 мың гектар жерге дақылдар егілмек. Әртараптандыру бағытында 3,7 мың гектар күздік бидай, 50,6 мың гектар сүдігер егілген.

«Сол жаға» магистральды каналына су бөлу жұмыстары басталды. Айта кету керек, бұл канал аймақтағы егіс алқаптарының 60 пайызын тіршілік нәрімен қамтамасыз етеді деп жоспарлануда. Әрине, су тапшы болғанмен, басқа да тиімді жолдар арқылы өнімді молынан алуға күш жұмсап келеді. Әртараптандыру қолға нық алынған өңірде күріш алқаптарының 55 пайызы лазерлік тегістеуден өткен. Бұл өз кезегінде судың күрішті біркелкі басуына және аз көлеммен көп іс бітіруге көп демеу. Өңірге келіп жатқан су көлемі де едәуір аз. Шаруалар дабыл қағатындай бар.

– «Шардара» су қоймасына секундына 645 текше метр су түседі. Төменгі ағысқа 200 текше метр су жіберілуде. Оның 100 текше метрі «Көксарай» су реттегішіне жиналып, 100 текше метрі Қызылорда облысына жіберілуде. Арыспен қосқанда «Көктөбе» су бекетіне, яғни Қызылорда облысына секундына 180 текше метр су келіп түседі, – дейді «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнулла Қазтоғанов.

Суды үнемдеудің жан-жақты жолдары қарастыруда. Тіпті күріш сорттарының өзі бірнеше түрге бөлінсе, сала мамандары соның ішінде суды аз қажет ететінін дөп басып табуға жұмыс істеп жүр. Биыл жергілікті ғалымдар украиндармен бірлесе отырып, ауа райы мен су деңгейіне байланысты жаңа сорт қарастырып жатыр.

– Сырдария өзеніндегі су тапшылығының алдын алу мақсатында 2022 жылы Үкімет резервінен бөлінген 3,6 млрд теңге қаржыға 21 каналдың 225 шақырымы тазаланса, 1 дана гидротехникалық нысан жөндеуден өткізіліп, 133 дана насос қондырғысы сатып алынды, 52 ұңғыма бұрғыланды. Бұдан бөлек облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 141 каналдың 809 шақырымы тазаланып, 321 дана гидротехникалық нысан жөндеуден өтті. Нәтижесінде, әрине, су тапшылығы сезілгенімен мүлдем су бармаған алқаптар болған жоқ, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

«Шардара» су қоймасына секундына 645 текше метр су түседі. Төменгі ағысқа 200 текше метр су жіберілуде. Оның 100 текше метрі «Көксарай» су реттегішіне жиналып, 100 текше метрі Қызылорда облысына жіберілуде. Арыспен қосқанда «Көктөбе» су бекетіне, яғни Қызылорда облысына секундына 180 текше метр су келіп түседі.

Сырдария өзеніндегі су тапшылығының алдын алу мақсатында 2022 жылы Үкімет резервінен бөлінген 3,6 млрд теңге қаржыға 21 каналдың 225 шақырымы тазаланса, 1 дана гидротехникалық нысан жөндеуден өткізіліп, 133 дана насос қондырғысы сатып алынды, 52 ұңғыма бұрғыланды. Бұдан бөлек, облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға 141 каналдың 809 шақырымы тазаланып, 321 дана гидротехникалық нысан жөндеуден өтті. Нәтижесінде, әрине, су тапшылығы сезілгенімен мүлдем су бармаған алқаптар болған жоқ.

СУ ТАПШЫ БОЛСА ДА, ӨНІМ МОЛ БОЛДЫ

Әрине, елде асыраушы сала атанған ауыл шаруашылық саласындағы бейнетті белуардан кешіп жүріп, іздене еңбек еткен шаруалардың маңдайы жарқырады. Өткен жылы облыстағы негізгі дақыл – күріш 89 мың гектарға жетіп, қамбаға 500 мың тоннадан астам өнім құйылған. Шетелге 45 мың тонна күріш экспортталды. Экономиканың нығаюына ең алдымен осы экспорт тікелей ықпал ететінін бағамдай беріңіз. Биыл өткен жылдан 12 пайызға кем еккенмен, ғалымдардың тың жобалары мен зерттеулері арқылы жаңа сорттар өмірге келіп, ол да мәселені шешуге ықпал етері анық.

– Суды үнемдеуге септігін тигізетін дақылдарға көшудің бір қиыны олардың көпшілігі қолмен жасалады. Дақылдарды егуден бастап жинауға дейінгі аралықтағы мәселенің барлығын механикаландыруға көшкен жағдайда, диқандардың бетін бері қаратып, суды 2 немесе 3-4 есе аз пайдалануға мүмкіндік береді, – дейді ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Самалбек Қосанов.

Бірақ біз оған дайынбыз ба?! Осы ретте айта кетейік, аймақта күрішті көшеттеу жобасы да болды. Тіпті дайын күрішті өзі орып, өзі тазалайтын да техникалар келгені есімізде. Бірақ оның көпшілігі біздің өңірдің табиғатына сай келмейтінін уақыттың өзі-ақ дәлелдеп берген еді. Әрине, жақсы жаңалықтан үміттіміз, ғалымдардың еселі еңбектері жемісті болсын деп тілейміз.

– Су тапшылығы аймақ халқын алаңдатуда. Оны Президентке де жеткізіп, баяндадым. Су ресурстары және ирригация министрлігімен бірге «Қызылорда облысындағы суармалы жүйелерді қалпына келтірудің жол картасын» қабылдадық. Тасқын суды жинақтау, суармалы суды бөлу мен есепке алу процестерін автоматтандыру арқылы ирригациялық инфрақұрылымды қайта құру, жаңғырту шаралары атқарылуда. Суды бөлу мен есепке алудың заманауи жүйелерін енгізу үшін халықаралық компанияларды тарттық, – деген еді Астана қаласындағы брифингте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

АУЫЛДАРДА ДА АЯҚСУ ТАПШЫ

Бұрын-соңды елді мекендердің ішімен жүріп өткенде жолдың екі бетіндегі жайқалған ағаш жаныңызға сая болатын. Иә, иә, қазір көгерген ауланы сирек көресіз. Сырдарияның жағасында, дарияның іргесінде отырған халық та бұл мәселені сезініп отыр. Әйтсе де бағзыдан қалған үрдіспен ауыл халқы көкөнісін, жеміс-жидегін ауладан жегенді жақсы көреді, қаладағы туыстарына да арқаланып тасиды. Бірақ кейінгі 5-6 жылдың көлемінде ауылдағы аяқсу да ақсап тұр. Қала іргесіндегі ауылдардың бірінде тұратын Тиышқүл апай есік алдындағы көкөністерін насос арқылы суарып отыр. Әрине, арықтың суын ішкен жеміс-тей болмайды.

«Жер астынан мұздай суды насос арқылы тартып, көкөністер мен жеміс-жидекті суарып отырмыз. Бірақ ол арықтың жылы суындай әсер бермейді. Амал жоқ, қолда бар мүмкіндікті осылай пайдаланудамыз. Су мәселесінің халықаралық деңгейде көтеріліп жатқанына қарап, бізге аяқсудың ауылы алыс сияқты көрінеді», – дейді Тиышқүл апай.

Осы ретте айта кетейік, облыста азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қосымша жер дайындау мақсатында Қызылорда қаласы мен аудан әкімдеріне тапсырма берілген.

ТҮЙІН.

Қазір мінбердегі азаматтардың ойларында бір-ақ нәрсе. Ол – өгізді де өлтірмеу, арбаны да сындырмау. Күріш көлемін азайтса, жер тозады. Өйткені күріш – экологиялық маңызы бар өсімдік. Ал оның көлемін арттырайын десе, сығырайып аққан су көңілге медет болмай тұр. Бастысы, қазақтың «кеңесіп пішкен тонының келте болмайтынын» ойға алып, мәселенің мәніне диқанның көзқарасымен қарау керек шығар...

Дәулет ҚЫРДАН

Басы 1-бетте

Кеше Тасбөгет кентінің әкімі Айдын Тыныштықбай БАҚ өкілдеріне берген брифингте жыл бойы атқарылған жұмыс барысына тоқталды.

ХАЛЫҚ АЙТҚАН МӘСЕЛЕ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Кент әкімінің айтуынша, өткен жылы инфрақұрылымды дамыту бойынша мемлекеттік бюджет, демеуші және инвестиция есебінен ауқымды жұмыстар атқарылған. Нақтырақ айтсақ, ұзындығы 82 шақырымды құрайтын 52 көшенің 41 көшесі жөндеуден өткен. Оның ішінде Сабалақ саяжайындағы 18 көше мен кенттегі 21 көшенің белгіленген бөліктеріне қиыршық тас төселіп, 2 көшеге асфальт төселген. Ал 7 көшеге жарық бағаналары орнатылса, «Еңбек» және «Өркендеу» саяжайындағы 3 көшеге демеушілер өз есебінен жарық бағаналарын орнатқан. Сонымен қатар аймақ басшысының қолдауымен кент аумағында құны 542,1 млн теңгені құрайтын дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді.

– Соңғы жылдары кентте кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы мемлекеттік бағдарламаларға қатысу қарқыны артып келеді. Сондықтан биылғы жылы да тұрғындарға мемлекеттік бағдарламаны пайдалана отырып, кәсіп ашуға, кеңейтуге кеңес берілді. Нәтижесінде 12 айдың ішінде 67 тұрғын өз жобасын қорғап, 400,9 млн теңге көлемінде қаражат иеленді. Бүгінде кентте 1644 кәсіпкер бар. Олар өздерінің қызметін табысты жүзеге асыруда, – деді Тасбөгет кентінің әкімі Айдын Маратұлы.

Мұнан соң кент әкімі биыл атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

– Өздеріңіз білетіндей, кентке қарасты Сабалақ саяжайын «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету мәселесі де басты назарда. Қазіргі таңда «Досстройпроект» ЖШС мекемесінің демеушілігімен Сабалақ саяжайына «көгілдір отын» тарту жұмыстарының жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Нәтижесін күтіп отырмыз, – деді Тасбөгет кентінің әкімі.

Биыл Тасбөгент кентінің бюджеті 345,9 млн теңге болып бекітілген. Алдағы уақытта Е. Ертуғанов көшесінің Сапарбаев пен Баймағанбетов көшелері аралығына абаттандыру жұмыстары жүргізілсе, Исмайлов көшесіндегі жарық бағанасының орнатылмай қалған бөліктеріне жарық-шамдар қойылмақ. Ал халықтың сұранысы бойынша кенттегі ұзындығы 12,7 шақырымды құрайтын 6 көшеге жарық бағаналарын орнату бойынша жоба сметалық құжаттары әзірленген. Сондай-ақ Ғ.Мұратбаев (Сапарбаев қиылысы) және Ә. Молдағұлова (Сейтпенбетов қиылысы) көшелеріне 4 аялдама мен Сабалақ саяжайының орталық көшесіне 2 аялдама орнатылады. Одан бөлек кенттегі әлеуметтік нысандар орналасқан 6 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға және Сабалақ пен Еңбек саяжайындағы көшелерге жарық бағаналарын орнату мақсатында тиісті құжаттар әзірленуде.

Н.МҰҚАТАЕВА

Белкөл кентінің әкімі Сәду Жасұлан БАҚ өкілдеріне берген брифингте өткен жылдың есебі мен алдағы атқарылатын жұмыстарды баяндады.

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

– 2023 жылы Белкөл кентінің бюджет жоспары 201,8 млн теңге болып бекітілген. Бұл 2022 жылға қарағанда 140 пайызға көбейген. Ал салық түсімінің жоспары 25,7 млн теңге болса, жыл көлемінде 33 млн теңге жиналып жылдық жоспар 128 пайызға орындалған.

Әлеуметтік сала бойынша 93 отбасындағы 323 адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілген. Осы әлеуметтік көмек алатындардың санын азайту мақсатында аз қамтылған отбасылар тұрақты жұмыспен қамтылды, – деді кент әкімі Сәду Жасұлан.

Өткен жылы кенттегі Сарыарқа мен Путейцев көшесіне асфальт төселсе, қалған 6 көшеге қиыршық тас төселген. Ал Орталық пен Бірлік көшелеріне жаяу жүргіншілер жолы салынған. Сондай-ақ теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірінің құрылысы толығымен аяқталып, тұрғындар игілігіне пайдалануға берілгені белгілі.

Кәсіпкерлікті дамыту бойынша кентте тұрақты жұмыс істеп тұрған 403 шағын кәсіпкерлік нысаны бар. Оның ішінде 2-уі АҚ, 41-і жауапкершілігі шектеулі серіктестік пен 366 дара кәсіпкерлер және 24-і шаруа қожалықтары. Қалған екеуі ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі.

2023 жылдың қаңтар мен желтоқсан аралығында 125 кәсіпкерлік нысаны тіркеліп, 139 тұрақты жұмыс орны ашылса, «Бизнес-Бастау» бағдарламасы бойынша 25 тұрғын курс оқып, қайтарымсыз грантқа өтініш берген. Оның ішінде 11 тұрғын грантқа ие болған. Ал өңірлік инвестиция орталығы арқылы өз қаражаты есебінен жеке кәсіпкер сабын шығару жобасына 4 млн теңге алған.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 2 жобаға 11 млн алынса, жастарға берілетін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2,5 пайызға жеңілдетілген несиеге 3 жоба 11,9 млн теңгеге қолдау тапқан.

– Биыл кенттегі Жеруйық, Сарыарқа, Бірлік көшелеріне 76,6 млн теңгеге электр желісі тартылса, К.Әбдіқадыров көшесіне 62,3 млн. теңгеге жаяу жүргіншілер жолы салынады. Сондай-ақ Бірлік пен Путейцева көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылады. Алдағы уақытта бұл жұмыстар кезеңкезеңімен орындалады, – деді кент әкімі.

Сонымен қатар өңірлік инвестиция орталығы арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 5 жоба қолдау тапқан. Одан бөлек «Байқоңыр ӘӘК» АҚ арқылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 12 жоба қарастырылуда.

Н.АЛТЫН

Облыстық архивтің «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалының ұйымдастыруымен «Әйел – қоғам тірегі» атты жиын өтті.

ӘЙЕЛ ТАҚЫРЫБЫ ҚАШАНДА ӨЗЕКТІ

Жиынға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Әлима Әбдіхалықова, Қазақстанның құрметті журналисі Несібелі Рахметова, ҚР Президентінің мемлекеттік стипендиясы, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қатира Жаленова және Қожабековтер отбасылық ансамбілінің көркемдік жетекшісі, «Алтын алқа» иегері батыр ана, әнші Қуаныш Ахметқызы қатысты.

Кездесуде жазушы Несібелі Рахметова әйелдердің қоғамдағы рөліне тоқталды.

– Ломоносов «Мың теориядан – бір практиканы артық көремін» деп айтқандай, жастар жазып жатқан еңбектеріміз бен әйелдің қоғамдағы рөлін көзбен көріп, мамандармен кездескені жөн. Негізі көзбен көріп, қолмен ұстаған есте қалады.

Ақын Мұқағали Мақатаевтың «Шаң басқан архивтерден табылмыз» деп айтқанындай, архив – үлкен қойма, мекеме. Себебі мұнда бүкіл елдің, жердің, облыстың барлық тарихы бар. Тіпті облысты дамытуға үлес қосқан еңбек қайраткері, журналист және тағы да басқа салалардағы еңбегі сіңген өнер, еңбек адамдарының құжаттары сақталады, – дейді ардагер журналист.

Әлима Әбдіхалықова архивтің ұлт тарихы үшін де ерекше орын екенін атап өтті.

– Архив – мемелекет пен ұлттың тарихы үшін ерекше орын алады. Егерде архивке ғылыми жұмыстармен айналысатын студенттер мен жастар, мұғалімдер жиі келетін болса, бұл кейінгі жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға сеп болады, отаншылдыққа тәрбиелейді, – дейді ардагер-ұстаз.

Сонымен қатар халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қатира Жаленова:

Жалындаған жас қыздар,
Жастығына мас қыздар.
Сендер жүрген жерлерден,
Мың ығысып қашты ызғар.
Сұлусыңдар, дүрсіңдер,
Үлбіреген гүлсіңдер.
Жайлауында жастықтың,
Сайран құрып жүрсіңдер, – деп жастарға өлең шумақтарын арнады.

Одан бөлек №264 мектеп лицейінің мұғалімдері мен талантты оқушылары да өнер көрсетті.

Н.СЕРІКБАЙ

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№21 12 наурыз, 2024 жыл

«АҢСАҒАН СӘБИ» АНА БАҚЫТЫНА БӨЛЕДІ

БАЙҚОШҚАРОВАНЫҢ БАҒАСЫ

«Экомед» клиникасының басшысы, биология ғылымдарының кандидаты Салтанат Байқошқарова да жоғары бағасын берген еді.

– Астанадағы филиалда жұмыс істеу үшін мамандарды таңдай жүріп, жастарды тестілеуден өткіздім. Соның ішінен болашағы бар дәрігерді, «Болашақ» түлегін таңдадым. Сонау шалғай ауылдан қанат қаққан қазақ баласы өзінің білімімен және ұмтылысымен осы бағдарлама бойынша Мәскеудің Сеченов атындағы академиясын бітіріп, сонда біршама жұмыс істеп, бізде қызмет етуге бел буды. Онымен біздің жұмыстың ерекшеліктері – андрология, репродуктология жайлы сөйлескенімде, оның терең біліміне және көбірек білсем деген құштарлығына таңғалдым. Оның қашан да кітапты қолынан тастамай жүргенін көрдім. Сондықтан да ол жігітті бізде жұмыс істеуге лайық деп таптым. Оған өкінген жоқпын. Ол өте сауатты және сергек дәрігер болып шықты, емделушілеріміз де риза. Ол – Алмаз Ибрагимов!» – деп баға берген екен бір әңгімесінде.

Міне, содан бері «Экомедтің» елордадағы филиалын Алмаз Құрманәліұлы басқарып келеді. Өкініштісі сол, осындай емдеу мекемелерінің көмегіне жүгінушілер қатары жыл санап өсіп барады. Бұл дегеніміз, «бір тұяққа зар боп» жүрген жандардың көптігін білдірсе керек. Бәлкім, ел дамыған сайын ауру түрлері де көбейе түсе ме?! Бұл орайда бедеулік дерті де көштен қалысар емес. Соған қа¬рағанда, өркениетпен бірге жаңарып, жасарып отыратын сырқат деп ойлап қаламыз. Себептеріне тоқталсақ, бұл сырқат көбінесе жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулар мен гормоналдық бұзылыстардан, кей жағдайда жүре пайда болатын бедеулік те кездесіп жатады. Мәселен, әйелдердің жатыр түтікшесінің бітелуі, ал ер адамдардың ұрық шығару жолдарының жабылып қалуы және басқа да себептер бар.

Бірталай жылдық тарихы бар экстракорпоральді ұрықтандыру – өздігінен бала көтеруге денсаулығы жарамайтын, бірақ сәби сүйгісі келетін жанның үлкен үміті. Десек те ол – өте күрделі процесс. Бағасы қымбат екені өз алдына, қиындықтары да баршылық.

БАҚЫТҚА БАСТАР БАҒДАРЛАМА

Мемлекет басшысының қолдауымен 2021 жылы «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасын іске асыру нәтижесінде мыңдаған әйел ана атанып, бірталай бала дүниеге келді. Қазақстанда соңғы екі жылда экстракорпоралды ұрықтану арқылы 10 мыңнан астам сәби өмір есігін ашты.

– Биыл «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында елімізде ЭКҰ жасатуға 7 мың квота берілді. Осы 7 мыңнан орташа есеппен үш мыңнан астам бала дүниеге келеді деп болжап отырмыз. Мәселен, 2021 жылы 3100 бала дүниеге келсе, бұл көрсеткіш одан кейінгі жылы 3400 балаға жетті. Ал былтырғы көрсеткіш әлі белгісіз.

Әрине, бұл бағдарлама біздің салаға үлкен серпіліс берді. Өйткені бұған дейін жұрт квотаны күтіп отыратын. Ол квотаның саны да шектеулі болды. Жыл артқан сайын ол көбейіп, ең көп дегені мыңға жеткені. Ал сәби сүйе алмай жүргендер арасында мұқтаждық деген жоғары. Қаншама адам келіп, кезек алып жүр. Негізі Сыр еліне келгендегі мақсатымыз – осы бағдарлама бойынша үмітті болып жүрген жандарға тегін кеңес беру. Бағдарлама талабына сай адамдарға мән жайын түсіндіру. Білесіз бе? Біз неге әр облыстарды аралап, тегін қабылдау өткізіп келеміз? Кез келген жағдайда адамға бірінші қадам жасау өте қиын. Көбі ойланып, айналасымен ақылдасып, уақытты өткізіп, денсаулығын нашарлатып алады. Бірден тәуекелге барып, шешім қабылдауы қиын болады. Сол себептен біз әр өңірді аралап, жүзбе-жүз кездесуді өзіміз бастадық. Қай облысты алып қарасақ та келушілердің де, кезекке тұрушылардың да санында шек жоқ.

Жалпы бұл бағдарламаның берері мол. Жасыратыны жоқ, кейбірінің емделуге жағдайы келе бермейді. Ал уақыт өте береді. Соңында тек өкініш қалады. «Аңсаған сәби» бағдарламасы барысында тегін квотаға қол жеткізе алады. Осының арқасында қаншама отбасы сақталып қалады деп айтар едім. Өйткені сәби болмаса отбасының берекесі қашады, соңы ажырасуға апарады.

Сонымен қатар бағдарлама әрімен қарай да жалғаса бермек. Айта кетейік, осыдан бір-жыл бұрын эко арқылы сәбилі болғандардың арасында қосымша эмбриондарын сақтап қойғандары да баршылық. Олар араға бірнеше жыл салып келсе де, сақталған эмбрионды пайдалана алады. Демек, тағы да ата-ана болуға мүмкіндік бар деген сөз, – деп әңгімесін үзуге тура келді. Өйткені әңгіме арасында құттықтап келушілер де көптеп келді. Ата-анасымен бірге ере келген балақайларды құшақтаған дәрігер «міне, біздің еңбектің – жеңісі, ата-анасының – жемісі» деп сұхбатымызды әрмен қарай жалғай түстік.

– Әйелдің бәрі бірден жүкті бола салмайды. Табиғи жолмен екіқабат болғанның өзінде баланың өмірге келуі оңай емес. Ал жасанды жолмен тіпті қиын. Мұны көпшілік түсіне бермейді. Әр әйелдің организмі әртүрлі. Бірі жасалған ем-шаралардан кейін ұрықты салғанда жүкті болып жатса, екінші бірінде ұрық жатырға бекімеуі мүмкін.

Еуропа елдерінде 2018 жылдың қорытындысын енді шығарып жатыр, ал біз тек статистика, көрсеткіш кууды білеміз. ЭКҰ-дан кейін 100 пайыз балалы боласың деген кепілдікті ешкім бере алмайды. Табиғат бермегенге біз қалай 100 пайыз кепілдік береміз? Дегенмен қазір бұрынғыдай емес, технология өзгерді, ұрықтандырудың әдіс-тәсілі де басқаша, – деді дәрігер.

Орталыққа келетін сырқаттардың дені 35-40 жастағы ерлі-зайыптылар екенін, олардың бірқатары халықтық немесе дәстүрлі емес медицинаға сабылып жүріп, түбінде осында тоқтайтындықтарын, көбінде аналық жатыр түтігінің зақымдануы немесе бітеліп қалуы, эндометриоз, овуляция болмауы, түбінде жасына қарай бедеулік, сондай-ақ тұқым қуалау жолымен берілген генетикалық сырқаттар болып шығатынын қынжыла айтып берді. Кейбірінің ойынша, «Экомедті» ең соңғы мүмкіндік деп санайтындар аз емес. Бұл – өте қате пікір. Керісінше, бұл – нәтиежелі әрі сенімді тәсіл.

– Озық тәсіл болғандықтан өте қымбат. Біздің медициналық құрал-сайман, керек-жарақтарымыздың дені шетелден сатылып алынады. Дәрі-дәрмектеріміз де сондай бағада. Ал оған екінің бірінің келуге әлеуметтік жағдайы көтере бермейді. Атап айтсақ, орталықтарды Қазақстанның барлық аймақтарынан ашуды көздеп отырмыз. Осылайша, барлық облыстарды біртіндеп қамтысақ, көмекке мұқтаж жандарға ақыл-кеңес беріп, бала туу көрсеткішін арттырған болар едік. Қысқасы, алда атқарар жоспарлар көп, – деді репродуктолог дәрігер.

КВОТАНЫ КІМДЕРГЕ БЕРЕДІ, ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Жыл сайын мемлекеттен арнайы квота бөлінуде. Квота иеленгісі келетін әйелдер жергілікті денсаулық сақтау басқармасына тіркеледі. Бұдан соң арнайы комиссия мүшелері шешім шығарады. Себебі ана атану қабілеті төмен нәзік жандар үшін мемлекет қаржысы босқа жұмсалмауы тиіс. Негізінен жасы егде тартқандар мен аталық, аналық ұрығы жоқ адамдарға квота берілмейді. Қазақстанда бұл сала жақсы дамып келеді. Алайда эмбриолог, репродуктолог мамандары тапшы.

Жасанды ұрықтандыруды бірінші болып қолға алғаннан кейін бастапқыда біраз қиындықтарды бастан өткергендері рас. Сондықтан да аталған орталық Америка, Германия, Жапония, Израиль сияқты елдерден арнайы мамандар шақырып, тәжірибе алмасып отырады. Өздері де жылына бірнеше мәрте біліктілігін жетілдіріп келуді үрдіске айналдырған.

– Жалпы біз жасанды ұрықтандыру мәселесіне қатысты әлемдік тәжірибенің барлығын үйрендік және оны жүзеге асырудамыз. Бізге өз отандастарымызбен қатар, Ресей, Германия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты басқа да мемлекеттерден емделушілер көптеп келіп жатады. Неге десеңіз, ол жақта емдеу ақысы қымбат тұрады. Қазіргі таңда мамандарымыз ұрық сақтаудың түрлі жолдарын меңгеріп, үлкен жетістіктерге қол жеткізуде. Негізгі мақсатымыз – денеден тыс ұрықтандыру әдісін баршаға қолжетімді ету. Мұндай ем-шара көп жағдайда дәрі-дәрмектің көмегімен жасалады. Біз келешекте дәрілік заттарды азайтып, жасанды ұрықтандыруды табиғи жолмен жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз, – деді Алмаз Ибрагимов.

Сонымен, МӘМС бойынша ЭКҰ процедурасынан жылына бір рет тегін өтуге болады. Ем сәтсіз аяқталған жағдайда қайтадан кезекке тұра алады. Қандай жағдайда квота берілмеуі мүмкін деген сұраққа келсек, дәрігерлер әйелді медициналық тексеруден өткізгеннен кейін бірнеше мәселені ескереді. Олар жатырдың туа біткен немесе жүре біткен ауытқулары, соматикалық және психикалық бұзылулар, аналық без ісіктері, жедел қабыну және кез келген локализация онкологиясы сынды жағдайларда пациентке экстракорпоральды ұрықтандыру жүргізілмейді.

«ҚҰТЫДАҒЫ БАЛАНЫҢ» БОЛАШАҒЫ

Жасыратыны жоқ, қоғам басында эко-ның не екенін түсінбеді. Тіпті арасында «эко жолымен дүниеге келген баланың ертеңгі күні ұрығы болмайды екен» деген пікірлер естіп жүрміз. Біз де әңгіме арасында дәрігерге осы сұрақты қойдық.

– Осы сұрақты мен де естідім. Бірақ олай емес. Енді қараңыз, табиғи жолмен бала көтеруге қауқарсыз жандарға көмектесу үшін ғалымдар өткен ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап жатырдан тыс, яғни жасанды жолмен ұрықтандыру әдісін сынап көре бастады. Алғашқы сынақтар кеміргіштерге жүргізілді. Ғалымдар аналық жасушаның ұрықтану уақытын, оның жатырға дейінгі өмір сүру ұзақтығын, сақтау әдісін ұзақ зерттеді.

Одан кейін Кембридж университетінің зерттеушісі, белгілі дәрігер-гинеколог Роберт Эдвардс адам ұрығын зертханалық жағдайда өсіру мәселесін қолға алды. Аналық және аталық жасушаны жатырдан тыс ұрықтандырып, пайда болған эмбрионды жатырға салу әдістерін игеру үшін ғалымдарға 10 жылдай еңбек етуге тура келді. Әрине, басында қоғам бұл әдісті қабылдай қоймады. Діни көзқарас тұрғысынан да талай сынға іліккеніне қарамастан зерттеушілер 1975 жылы денеден тыс ұрықтандыру әдісін адамға қолданып көрді. Алайда алғашқы талпыныс сәтсіз аяқталды.

Араға екі жыл салып, Роберт Эдвардс пен эмбриолог Патрик Степто тағы бір тәуекелге барды. Осылайша, 1978 жылдың жазында әлемдегі ең алғашқы «құтыдағы сәби» Луиза Браун дүниеге келіп, тоғыз жыл бойы бала сүйе алмаған британдық Джон мен Лесли Браундардың отбасына үлкен қуаныш сыйлады. Браундар бір баламен шектелген жоқ, төрт жылдан кейін тағы да ЭКҰ әдісіне жүгініп, екінші сәби – Наталиді дүниеге әкелді. Профессор Эдвардс болса, адамзатқа пайдалы істің негізін қалағаны үшін «Нобель» сыйлығымен марапатталды. Бұл мысалдарды айтқан себебім, бүгінде осылардың ұрпақтары жалғасуда. Сондықтан алаңдаудың қажеті жоқ. Тек ескере кететін жайт, егер ата-анасында тұқымқуалаушылық дерт болса, ол кезде балаға әсер етуі мүмкін. Бір жағынан мемлекетке де бұл бағдарлама тиімді болмаса, қаншама қаражат жұмсалмас еді, – деп жауап берді Алмаз дәрігер.

АҚАРУДЫҢ АЙТАРЫ БАР

Кейіпкеріміз Ақару алдымен ем барысында ұлы дүниеге келгенше бақылауда ұстаған дәрігері Алмаз Ибрагимовке алғысы шексіз екендігін жеткізді.

– Бес жыл ішінде талай дәрігердің есігін қағып, бармаған жерім қалмады. Бірінші жолы болмады. Сол кезде қатты қиналдым. Сағым сынды, үмітімді үзгендей болдым. Бірақ өмір жалғаса берді.

Сондай сәтте ата-анамыз, жолдасым үлкен қолдау көрсетті. Есімді жинап, қайта бел будым. Сол жылдары «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша квота алу мүмкіндігі туды. Осы жолы бағдарламаны пайдаланып, шешім қабылдадық. Ішімнен «соңына дейін барамын, нәтиже шығарамын» деген сенім тұрды. Өзімді әбден дайындадым. Осы сеніммен алға қадам бастым.

Квотаны алу оңай емес. Қаншама анализ тапсыру, бірталай жерге тексерілу секілді бірнеше кезеңнен өтесің. Соларға барып жүріп, өзімнің де медициналық сауатым ашыла бастады. Арнайы оқымасам да тәжірибе жинайды екенсің. Квота алу кезінде облыстық денсаулық сақтау басқармасындағы гинекология бөліміндегі Мира Айтжанқызын ерекше атап өткім келеді. Өйткені квота алу барысында өзінің шапшаңдығымен, жауаптылығымен бәрін реттеп берді, маған жол сілтеді, бағыт берді. Себебі кез келген істі бастарда неден бастау керегін ешкім жетік білмейді, – деді Ақару алғысын білдіріп.

ӘЙЕЛ СЫНЫП КЕТПЕУІ КЕРЕК

Бұл – кейіпкеріміздің сөзі. Мақала басында айтып өткендей, біраз сынақтан өткен Ақарудың өзі де сынды, сүрінді, жылады, жаны жай таппады. Бірақ соңында одан мықты адам, бақытты әйел, сұлу ана шықты.

– Экоға барар кезде барлық әйел өзін жан-жақты дайындауы керек. Әсіресе психологиялық жағынан мықты дайындалу қажет. Себебі кейде сәтсіз аяқталып жатады. Сол сәтте сағы сынып кетуі мүмкін. Кейде адам өзін таппай қалуы да ықтимал. Ол – өте ауыр сезім. Оны ешкімнің басына бермесін.

Адам алдына нақты мақсат қоюы қажет. Содан кейін денсаулық, дұрыс тамақтану, дәрумендерді уақытылы пайдалану. Міне, осыған мән беру керек. Жалпы кез келген әйел өз денсаулығына ден қоюы тиіс. Өйткені тексерілу кезінде соның бәрі шығады. Әйелдің денсаулығы мықты болса, одан туған бала да сау болады. Біз осыны ойлауымыз қажет.

Сосын нәзік жандардың аты айтып тұрғандай, жандары да гүл секілді. Әр сөзді көңілге алғыш, сезімтал келеді. Ана бола алмай жүрген әйелдерге қатысты әңгімелер айтылады. Айтыла берсін, оған мән берудің, көңілге алудың қажеті жоқ. Білемін, оңай емес. Бірақ айтқан сөзден бұрын адам өзін ойлауы керек. Менің басымнан осының бәрі өтті. Сондықтан түсінемін, сезінемін. Сол себептен де айтарым, әрбір әйел заты сынбауы керек, – деді кейіпкеріміз.

ОТАҒАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Негізі көп жағдайда ортада бала болмаса, әйелден көріп жататыны жасырын емес. Алайда сәбидің дүниеге келуіне ананың ғана емес, әкенің де денсаулығы маңызды.

– Ер азаматтың да денсаулығы мықты болуы керек. Кейбірі «еш жерім ауырмайды, бәрі жақсы» деп дәрігерге қаралмайды. Бірақ қанша жерден денсаулық дұрыс болғанымен медициналық тексерілуден өтуі шарт. Өйткені эко жасатар алдында ер адамның ұрығы алынады. Ал ұрық мықты болуы үшін денсаулық жақсы болуы керек. Оларды уролог тексереді. Сондықтан бала ортақ болған соң ерлер қауымы да қысылмай, денсаулығына салғырт қарамай, бірге емделіп, бірге балалы болудың жолын іздесе, бірге мақсат қойса, бәрі орындалады, – деді Ақару.

ҚУАНЫШТЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Әңгіме барасында кейіпкеріміз арасында көзіне жас алды. Ол – қуаныштың көз жасы. Аналық бақытты сезінген сәттегі жас еді...

– Біріншісі сәтсіз аяқталып, екіншісіне зор үмітпен кірісіп, соңы бала бақытына қол жеткізген сәттегі кез өте керемет.

Сенесіз бе, жүкті кезімде узи аппаратына түскенде баланың жүрегін алғаш тыңдаған сәт әлі есімде. Сол кезде мен ағыл-тегіл жылағанмын. Екінші қымбат сәт, эко жасатып, босанар кезде баланы ота жасау арқылы алды. Іштен шыққан сәбиді кеудеме қойғандағы, оның маңдайынан иіскегендегі тәтті сәттер көз алдымда. Ол кезде де бір жылап алдым. Әрине, ол – бақыттың дәмін татқан кездегі қуаныштан жылағаным еді.

Тағы бір ерекшелік, перзентханада жатқанда өз баланды мың баланың ішінен бірден тауып, іңгәлаған даусынан да таниды екенсің. Ана құдіреті деген осы. Құрсағымнан шыққан баланы алғаш емізген кезді де ұмыту мүмкін емес. Ол да ана үшін керемет сезім. Сосын түс секілді болып кетер деп ұйықтамауға тырыстым. Содан жанымда жатқан сәбиіме қарап, «шынымен, ана болдым ба?» деп біресе күліп, біресе жылап, таңды атыратынмын. Осы кезде сол қылығыма күлкім келеді, – деген кейіпкеріміз әңгіме арасында күліп алды.

ДӘРІГЕРЛЕРІМЕ АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

– Қазір квота жақсы беріліп жатыр. Сол үшін де осындай мүмкіндік берілгеніне мен өте қатты қуаныштымын. Өйткені көптеген әйел адамның тілегі орындалады, аналық бақытты сезінеді.

Ем алу кезінде өзім Салтанат Байқошқароваға да жолыққан болатынмын. Ол кісіге де айтар алғысым шексіз. Оған қоса өзімнің дәрігерім Назгүл Сапарбекқызына рахмет айтамын. Жалпы Қызылорда, Ақтөбе, Астана қалаларында емделдім. Маған үлес қосқан әрбір ақ халатты жанның еңбегі зор. Негізі әрбір дәрігер адамға мотивацияны жоғары деңгейде беруі керек. Өйткені емделіп жүрген жанға жағымды сөз жақсы әсер етеді.

Сонымен қатар дәрігер Алмаз Құрманәліұлының да еңбегін ерекше бағалаймын. Ол әрбір емделушіні өзінің бақылауында ұстайды. Мұның өзі оның жауапкершілігі зор екендігін айқындайды. Өте білікті маман деп айтар едім. Жалпы Астанадағы мамандардың біліктілігі ұнады.

Соңғы кезде эко арқылы бақытқа жетіп жатқан отбасылар қатары артып келеді. Сондықтан қоғам бұл жолды дұрыс қабылдауы қажет. Ерлі-зайыптылар уақытты өткізіп алмай, дер кезінде тәуекелге баруы керек. Егер уақыт өтіп кетсе, кеш қалады. Сол себептен нақты шешім қабылдап, тексерілген кезде эко жолымен сәбилі болуға мүмкіндік болса, бағдарлама арқылы бала бақытына қол жеткізсе деген тілегім бар.

Сөз соңында айтарым, әрбір қазақ әйелінің көзіндегі жас өкініштен емес, сәби бақытын сезінгеннен болса екен, – деп аяқтады әңгімесін Ақару. Сөйтіп көзіндегі жасты бір сүртіп, құшағындағы ұлы Аңсарды иіскеп, бауырына қатты қысты. Ал біз де «енді Аңсардың артынан ерер бауыры жалғассын» деген тілегімізді арнадық.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

«Перзент сүймей адамның мейірі қанбас» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, бұл әлемде баланың тәтті қылығына ештеңе тең келмесі анық.

Бір балаға зар болған жарасымды жұптардың екі жаққа айырылысып кетпей, перзентті болуын сұрайсың. Көп тілегі көл. Лайым, әр шаңырақта сәби үні естіліп, мәре-сәре қуанышқа кенеліп, орта толып жатса екен, шіркін... Қасиетті Рамазан айы басталды. Олай болса, «сәбилі болайық» деген жандардың тілегі қабыл болсын!

Бетті дайындаған **Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**

Басы 1-бетте

МУЗЫКА ӨНЕР ҒАНА ЕМЕС, КОММЕРЦИЯ ҚҰРАЛЫ БОЛУЫ ШАРТ

Бүгінде эстрадалық әуен мен жанрішілік ағымның танымалдыққа ие болуы классикалық музыкадағы тыңдарман санын азайтуда. Содан болар, әнге әуес жас өрен кәсіби білім аларда академиялық вокалдан бойын аулақ ұстап, эстрадалық ән айту мәнерін игеруге тырысады. Оған саладағы коммерциялық мүмкіндік, аудитория аясы секілді артықшылық әсер етсе керек. Әйтеуір академиялық вокал өкілі өнерге адал, жанкешті күйде кенже қалып келеді. Осы орайда қызылордалық жас вокалист, Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Саят Сақитжанмен тілдесіп, музыкадағы соңғы үрдіс төңірегінде ой бөлісудің сәті түсті.

– Саят, сізбен тетелес буынның негізгі таңдауы заманауи поп-музыкаға жақындау. Сондықтан әңгімені неліктен академиялық вокалды таңдағаныңыздан бастасақ…

– Дұрыс айтасыз, қазір жастардың талғамы, танымы, дүниені қабылдау өресі мүлде бөлек. Буынның қалыптан тыс ойлау жүйесі өнерден де байқалады. Мәселен, сіз айтып отырған үрдіс жалғыз академиялық вокалға қатысты емес, бүтін классикалық музыкаға тән мәселе. Қоғамда классикалық музыканы еуропалық стиль немесе ақсүйектердің ермегі деп қабылдайтын келте түсінік әлі де болса жойылған жоқ. Кедергі осында. Бұл уақыт еншісіндегі өзгеріс деп ойлаймын.

Өзіме келер болсам, мен Аралдың тумасымын. Бала кезден музыкаға аңсарым ауып, мектеп қабырғасында жүріп-ақ болашақ туралы армандай білдім. Түрлі жанрда ән орындап, музыкаға ынтамды ұштадым. Ізденсем деген адамға мүмкіндік мол емес пе? Ғаламтордан атақты әншілердің мәнерін, дауыс ырғағын қайталау арқылы жаныма жақын жанр опера екенін түсіндім. Сол себепті, мектеп бітірген шақта мамандық таңдауға қатысты мәселе болмады. Түйсігім академиялық вокал мамандығын игеру қажетін сездіргендей. Осылайша 2022 жылы жылы Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық колледжді сәтті аяқтадым. Қазір Қазақ ұлттық өнер университетінде академиялық вокал бойынша білім алудамын.

– Сіз үшін классикалық музыка несімен құнды?

– Әлем музыкадан құралады. Байқасаңыз, біз жабырқаған немесе қуанған сәтте музыкаға жақындаймыз, ішкі сезімдерімізбен мәндес иірім іздейміз. Себебі адам сезімге тәуелді. Оған қоса әуендегі сезім иірімі бірде тасып, бірде байсал тартып, автордың толғанысы жаралы жанымызды жазады. Сезімнің бәрін классикалық музыкадан табуға болады. Оның үстіне Иоганн Себастьян Бах, Вольфганг Амадей Моцарт, Людвиг Ван Бетховен, Рихард Вильгельм Вагнер, Петр Ильич Чайковский секілді данышпандардың шығармасын тыңдаудың өзі эстетикалық ләззат сыйлайды. Олардың ғажайып туындысы, ерекше стилі музыканың даму бағытын айқындады. Сондай-ақ классикалық музыканың басқа жанрдан ерекшелігі өміршеңдігі дер едім. Ғасыр өтсе де бүгінге жетіп, назарда қалу да үлкен жеңіс. Мысалы, поп-музыка жанрындағы орындаушының халық жадында ұзақ сақталуы қиын. Осы себептен де бұл бағыттың өлшемін, өнегесін, маңызын сезінуге болатындай.

– Жасыратыны жоқ, классикалық музыканың тыңдарманы аз. Вокалистер ортасында «классикалық музыка тыңдарманы ақылды болу керек» деген әзіл-шыны аралас пікір де кездеседі. Рас, музыканың негізгі қызметі ақыл емес, эмоция жеткізу екенін ескерсе, бұл қарсы аргументке жатпас. Сіздің ойыңызша, бұл бағыттың тыңдарман жоғалтуына не себеп?

– Орынды сұрақ. Алдымен жанр түрлерінің көбейгенін естен шығармау қажет. Өткен ғасырға дейін халықтың сұранысындағы музыка жанры санаулы болмаса да, аз еді. Ал бүгінде мыңдаған жанр таңдау аясын кеңейтті. Таңдау бар жерде бір бағыттың ұзақ сақталуы мүмкін емес. Оның үстіне адамзаттың өмір сүру салты өзгерді. Жұмыста, көшеде жылдамдық артты. Соған орай ойнақы ырғақты, жеңіл әуен қажеттілікке айналғаны бар.

Тағы бір басты себеп, операны тұралатқан – нарық талабы. Музыкалық өнім коммерциялық мүдде тұрғысында өз-өзін ақтамаса, танылу қиындау. Ал танылмаған өнім пайда әкелмейтіні белгілі. Міне, осындай бір-бірімен тығыз байланысты әлеуметтік жүйе осы күйге түсірді. Әрине, жағдай соншалықты мүшкіл деген орынсыз болар. Қазір классикалық музыканы дамытып, танымал етуге жұмыс істейтін авторлар, топтар жетерлік. Тіпті классиканың сарқыншағына айналған неоклассика жанры да жанданып келеді.

– Әтір иісін Франциямен байланыстыру секілді классикалық музыканың «дыбыс бояуын» да Еуропа мәдениетінен хабар береді деген таптаурын ой бар. Анығы, аспаптық музыка жайында. Сіздің ойыңызша классикалық музыкада қазақ қолтаңбасы бар ма?

– Маған классикалық музыканың өзге бағыты туралы айту әлі ерте шығар. Сондықтан тек опера жанрындағы қазақ қолтаңбасы туралы ойымды білдірейін. Операда Лучано Паваротти, Монсеррат Кабалье, Андреа Бочелли, Хосе Каррерас секілді тұлғалар ұлтының абыройын асқақтатқаны білеміз. Қазақ халқынан да танымалопера әншілері шыққан. Әлібек Дінішев, Ермек Серкебаев, Күләш Бәйсейітова, Кәукен Кенжетаев секілді дара тұлғалар Қазақстанда ғана емес, әлемдік дәрежеде лайықты өнер көрсетті. Кейінгі толқынның қатарында Майра Мұхамедқызы, Толқын Забирова, Сүндет Байғожин, Талғат Күзембаев секілді кәсіби майталмандарды айта аламын. Аталған әншілердің барлығынан үлгі алып, өнерде бет түзейтін тұлға санатына балаймын. Сондықтан ән өнері қанына сіңген қазақтан әлі талай мықтының шығары анық.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен **Ерсін ШАМШАДИН**

Қоғамда отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі өткір болып тұр. Бұл ашық айтыла бермейтін мәселе десек те болады. Алайда аурудың емі оның бар екенін мойындаудан басталатынын ескерсек, бұл мәселені де ашық айтып, талқыға салудың маңызды екенін түсінеміз. Ресми дерек бойынша, елімізде отбасындағы зорлық-зомбылықтан көз жұматын әйелдер саны жыл сайын орта есеппен 400 адамнан асады екен. Бұл – ресми статистика, ал бейресми одан да көп болуы мүмкін.

Негізі жыл артқан сайын бұл мәселе ушығып барады. Осы орайда заң саласының мамандары елімізде абьюзерлер тізімін енгізуді көтеріп жүр. Жалпы бұл тізім бізге керек пе? Бірі керек десе, енді бірі әлі де зерттеу қажеттігін жеткізді.

АБЬЮЗЕРЛІК ТІЗІМДІ ЕНГІЗГЕН ДҰРЫС ПА?

ЗОРЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМІН ЖАСАУДЫ ҰСЫНҒАН ДЕПУТАТ

Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек отбасылық зорлық-зомбылық қазақстандық қоғамда өте үлкен проблема екенін айтып, жиі көтеріп жүр.

– Өзім отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыстық кодексте ауырлататын жағдайға қосу қажеттігін айттым. Сонымен қатар отбасылық зорлаушылардың тізімін жасауды да ұсындым. Менің ойымша, бұл – тиімді шара. Бізде мұндай тізілімдер көп. Мысалы, алимент төлеуден жалтарған адамдардың тізімі. Бұл тізімдегі адам психологиясына қатты әсер етеді.

Біз зорлаушының психотипін зерттеуіміз керек. Зорлаушылардың өздері – өмірден шаршаған қарапайым азаматтар. Ол не істейді? Әйелі мен балаларына күш көрсетеді. Сондықтан біз балаларды, абьюзге ұшыраған аналарды қорғауымыз керек. Әрине, жауапкершілікті қатайту қажет, – деді депутат.

ТІЗІМНІҢ ТИІМДІЛІГІ БАР

Мәжіліс депутаты көтерген мәселені еліміздегі мықты заңгердің бірі Бағдат Амандосұлы да мақұлдап отыр.

– Бізде абьюзерлердің тізімі құрылған база жоқ. Бұл база бізге не үшін қажет? Егер ер адам отбасына әлімжеттік көрсететін азамат болса және оның есім-сойы тізімде тұрса, бұл қол көтерушілер санын едәуір азайтады. Себебі алимент істерінде жалтарып жатқан жағдайда тізімде бар екені анықталса, алимент мәселесі тез шешіледі. Немесе екінші рет үйленетін азаматты болашақ келіншегі тізімде бар-жоқтығына қарай таңдайды. Сондықтан абьюзерлер тізімінің де бір тиімділігі бар.

Зорлық-зомбылық кезінде әйел адам құзырлы органдарға қоңырау шалғанда шағымды қабылдап алушы, істі ары қарай жеткізуші – ер адамдар. Мұндай жағдайда ер адамның ер адамға болысатыны айдан анық. Сондықтан бізге тұрмыстық зорлық мәселесіне келгенде бұл іспен әйел полицейлердің айналысқаны жөн. Одан бөлек, әйел полициймен бірге психологтың да келгені дұрыс. Өйткені психолог істің қаншалықты насырға шапқанын анықтап, әйелдің психологиялық хал-ахуалына баға береді. Нәтижесінде психологтың арқасында іс сотқа дейін жетуі керек, – дейді заңгер.

МӘСЕЛЕ ӨТЕ ДАУЛЫ

ҚР Адам құқықтары жөніндегі Қызылорда облысы бойынша уәкілдің өкілі Дәурен Шәріпбаев бұл мәселенің даулы екенін айтып, жан-жақты саралау керектігін жеткізді.

– Негізі абьюзер термині зорлық-зомбылық әдістерін пайдаланатын адамды сипаттау үшін қолданылады. Ол мақсатына жету үшін психологиялық, физикалық немесе экономикалық зорлық-зомбылық ретінде болуы мүмкін. Абьюзивті қарым-қатынас – бұл «тиран» мен «жәбірленуші» арасындағы қорлайтын қарым-қатынас, ол ақша бопсалау, қоқан-лоққы және зорлық-зомбылық арқылы үнемі айла жасаумен, сондай-ақ агрессордың моральдық қорлауымен бірге жүреді.

Абьюзивті қарым-қатынас отбасы ішінде жиі кездеседі. Сонымен қатар мұндай қатынастар кез келген басқа тұлға аралық қатынастарда болуы мүмкін. Ер адам да, әйел де абьюзер ретінде әрекет ете алады, айырмашылықтардың бірі – олардың әрқайсысы серіктесіне әртүрлі жолдармен теріс әсер етеді. Ер адамдар физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықты жиі қолданады. Әйелдерден айырмашылығы осы.

Қазақстанда 2023 жылы 80 әйел абьюзер қолынан қайтыс болса, 200 мыңнан астам әйел отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған. Қазіргі уақытта ҚР Парламентінің кейбір депутаттары заңнамалық деңгейде отбасылық зорлаушылардың тізімін әзірлеуді және енгізуді ұсынуда. Бұл тізімге абьюзерлерді сот шешімі негізінде және 10 жыл мерзімге енгізу ұсынылады.

Басқа елдерде де мұндай мәселелер бар. Ол жақта да педофилдер бар. АҚШ-та оларды тікелей жариялайды, тіпті олардың мекен жайын да анық көрсетеді.

Жалпы отбасындағы қақтығыстардың 80 пайызы материалдық негізде болады, яғни толық материалдық жағдайдың болмауынан жиі орын алады. Идеологияны күшейту, стереотиптерді өзгерту қажет. Атап айтқанда, мектептен бастап балалар ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік теңдік туралы сөйлесуі керек, отбасылық және тұрмыстық қақтығыстардың себептерін жою үшін көбірек жұмыс орындарын құру қажет. Бәлкім бізге тізімдерді құру емес, күресті одан әрі күшейту және абьюзермен күресу үшін бірқатар кешенді шаралар қабылдау қажет болуы мүмкін.

Мәселе өте даулы. Шынында да, бұл тізімде біреудің ұлы, ағасы болуы мүмкін. Бір жағынан бздің ұлттық мәдениетімізге сай келмеуі де ықтимал. Сондықтан жан-жақты саралау қажет, – деді Д.Шәріпбаев.

ПСИХОЛОГ ПІКІРІ

Абьюз – психологиялық травма деген деректер бар. Ол бала күннен бастау алады. Егер ер адам абьюзер болса, ол әйел адамды төмендетіп, мысқылдауға тырысса, демек оның анасы бала күнінде өте қатал болуы мүмкін. Егер бір адам құрбан не өзін абьюзер екенін байқай бастаса, оны түсініп, маманға жүгінген дұрыс. Адамға бала күнінен ата-анасы тарапынан абьюз жасалуы мүмкін. Ол қалай? Айталық, ата-ана көп жағдайда: «Осы жұрттың баласы...», «сен-ақ осылай істейді екенсің», «қалған балаларым ондай емес еді. Сен қайдан шыққан бәлесің?», «Тойдырып біттің» деген секілді сөздерді жиі айтады. Мұның өзі үйдегі абьюзерлік іс әрекеттің бір түрі.

Осыған орай біз психолог Гүлмира Ақтаевға хабарласқанды жөн санадық.

– Психолог маманы ретінде мен тізімді жасап, жариялауға келіспеймін. Неге? Себебі әр адам – жеке тұлға. Қоғамның бір бөлшегі деп қараймыз. Жалпы адам өзінен-өзі абьюзер болып тумайды. Әр абьюзердің астарына үңіліп қарайтын болсақ, бала кезде алған травма болуы мүмкін. Немесе басқа да бір жағдайлар әсер етуі ықтимал. Біз оны білмейміз. Сондықтан олармен де сөйлесіп, зерттей түсуіміз керек.

Сөзімнің басында айтып өткендей, кез келген адам абьюзер болып тумайды. Бірақ кейін өсе келе ол адамды үлкен азамат етіп шығатын да, бұзатын да – өскен ортасы. Тәрбиеленген жері де әсер етуі мүмкін. Менің ойымша, оларды тізімге алмай қайта олармен жұмыс істеу керек деп ойлаймын. Адам өзгереді.

Айта кетейін, абьюзерлер психологиялық тұрғыдан алып қарасақ, өте әлсіз топқа жатады. Мен олардың қоғамдағы іс-әрекетін қолдамаймын. Отбасының шырқын бұзып, әйелдеріне зорлық-зомбылық көрсетіп, балаларына қол жұмсап, қинау, қорлау – дұрыс емес. Әрине, оған қарсымын. Заң жүзінде жасаған істеріне жазасын алғанын құптаймын.

Бірақ маман ретінде айтарым, қоғам болып көмек беруіміз керек. Олармен де жұмыс істеуіміз қажет. Кейде ер азаматтардың психолог көмегіне жүгініп жататындары бар. Өздерінің әлсіздігін мойындап жатады. Әрмен қарай өзгергісі келетіндері кездеседі. Алайда өте аз келеді. Ал шектен шыққандарды заң саласы жазалағаны дұрыс, – деген ойымен бөлісті психолог.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ

Абьюзерлік тізім әлі күшіне енген жоқ. Бірақ қоғамда көтеріліп те, айтылып та жатыр. Заңгер Бағдат Амандосұлы айтқандай, тұрмыс құратын нәзік жандар үшін тізімнің тиімділігі бар. Себебі олар болашақ азаматтарының қандай адам екенін жетік біле бермейді. Ал өткені бұлыңғыр болғанын жігіт те бірден ашып айтпасы анық. Соның салдарынан кім зардап шегеді? Әрине, тағы да әйелі, одан кейін балалары. Міне, отбасындағы кикілжіннің осылай жалғаса бермесіне кім кепіл?

Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, дәл осы кезде таразының бір басында «абьюзерлік тізімді енгізу керек» деген пікір тұрса, екінші басында «әлі де саралау қажет» деген көзқарас тұр. Не болса да, абьюзерлік тізім мәселесін енді уақыт еншісі көрсетеді.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, бетталып, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2973 Тапсырыс №407

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН